

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ 2020 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

Облыстық мәслихаттың өткен жылғы қорытынды сессиясында аймақтың 2020 жылға дейін даму Стратегиясы қабылданды.

Мәслихат сессиясында сөз алған облыс әкімі Қырымбек Көшербаев ұсынылған мәселелер бойынша дәйекті түрде сараптау жасап, алдағы міндеттердің жай-жапсарын електен өткізді.

Аймақ басшысы 2013 жылы облыс экономикасындағы бірқатар маңызды салалардағы көрсеткіш алдын ала болжанған нәтижеден де жоғары болғанын атап өтті.

Жыл басында алдымызға қойған басты міндет — экономиканы әртараптандыру болатын. Атқарылған жұмыстар нәтижесінде республикалық орташа көрсеткіш 1,5% болса, өңдеу секторының өсімі 17%-ды құрады. Облыс үшін маңызды зор индустриалдық жобалар бойынша жұмыстар жалғасуда.

Бұл кезеңде облыс экономикасына 300 млрд. теңге инвестиция салынды. Бұл 2012 жылмен салыстырғанда шамамен 60%-ға артты. Соның ішінде жыл бойына республика аймақтарының арасында инвестициялардың ең жоғары өсу

карқыны сақталып отыр. Сәйкесінше, құрылыс жұмыстарының көлемі де едәуір ұлғайып (45%-ға), 200 мың шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді.

2013 жыл ауыл шаруашылығы үшін де қолайлы болды. Тәуелсіздік жылдарындағы ең жоғары көрсеткіш 1 гектардан 49,0 центнер күріш жиналды (360 мың тоннадан астам). 2013 жылдың тамызынан бастап соңғы екі жылда орын алып келген мал басы санының азаюын тоқтатып, өсудің оң қарқынына қол жеткізді.

Экономиканың да, тұрғындардың да әлеуметтік ахуалы үшін негізгі фактор баға болып табылады. Жыл бойы тұтыну бағаларының индексі ел бойынша орташадан төмен болды (ҚР бойынша 104,1%-дан 103%).

Әлеуметтік даму мен инфра-

құрылымды дамытудың ең өзекті мәселелерін шешу келелі мәселе болатын. Бұл ретте бюджетті толықтырудың барлық резервтік мүмкіндіктері қарастырылды. Өз кезегінде бұл бір жылда шығындарды 24 млрд. теңгеге өсіруге мүмкіндік берді.

Кіші және орта бизнесті дамытуда да оң қарқын бар. Айталық, тіркелген кәсіпорындардың саны 9%-ға артса, онда жұмыспен қамтылғандардың саны 5 мыңнан астам адамға ұлғайды (2012 жылмен салыстырғанда 5% шамасында).

Жұмыссыздық деңгейі республикалық орташа деңгейден аспайды (5,2%).

Бұның барлығы стратегиялық міндеттерді іске асыруды бастауға қолайлы алғышарттар туғызып отыр.

Экономикалық, әлеуметтік-саяси бағыттағы қарқынды дамуы нәтижесінде өткен жылы Қазақстан дамыған елу елдің қатарынан орын алды.

Мемлекет басшысы мемлекеттің бұдан әрі ұзақ мерзімді дамуы жөнінде міндеттер қойып отыр. 2050 жылға Қазақстан әлемінің ең дамыған отыз елінің қатарында болуы тиіс.

«Қазақстан-2050» стратегиясында көрсетілген Стратегиялық міндеттер қатарында өңірлерді дамыту мәселесі де бар.

«Қазақстан-2050» Жолдауында Президент «мықты мемлекет күнкоріс саясатымен емес, жоспарлау саясатымен, ұзақмерзімді дамумен және экономикалық өсумен айналысады» деп атап көрсетті.

Стратегияда айқындалған негізгі мақсат — 2020 жылға облыстың әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны республикалық орташа деңгейден төмен болмауы.

Міндет оңай емес, өйткені, Стратегияны іске асыруға берілген жеті жылда біз тұтас елге

қарағанда, жоғарырақ қарқынмен дамымыз керек, — деді облыс басшысы К.Көшербаев.

Жалпы өңірлік өнімнің орташа жылдық өсімі 8%-дан кем болмауы керек. Сонда, мамандардың бағалауынша, 2020 жылға өңірдің қажетті даму қарқындарына қол жеткізіліп, республикалық орташа деңгейден біршама асуы мүмкін.

Облыс әкімі осы басымдықтарды саралай келе реттілігі бойынша бірқатар маңызды салаларға тоқталып өтті.

БІРІНШІ. МҰНАЙ ГАЗ СЕКТОРЫ.

Экономиканың басқа салалары өнімдерінің көлемі біртіндеп өсе түскен жағдайда бұл тағы біршама уақыт бойына басым сала болып қала береді. Бұл мұнай өндірудің едәуір көлемдерімен және өңдеу секторы мен кіші бизнестің әлі де болса жеткіліксіз дамуымен түсіндіріледі.

Бүгінгі күні өңдеу жүргізіліп жатқан мұнай-газ кен орындарының бірқатары сарқылып жатыр, бұл ретте мұнай - газ саласының өңір экономикасына өсерін ескерсек, басқа салалар есебінен өңіріс көлемдерінің төмендеуін өтеу әзір-

ге мүмкін емес! Бұл тұрғыда өңір дамуының басты басымдығы — жана мұнай-газ кен орындарын барлау және әзірлеу, сондай-ақ, геологиялық қорларды толығырақ шығарудың заманауи әдістерін қолдануға болады.

Екінші. ӨНДЕУ СЕКТОРЫН ДАМУ. Ірі және орта индустриалды жобаларды іске асыру арқылы өңдеу секторын екі есе арттыру жобалануда.

Металлургия — өнеркәсіптің басты салаларының бірі. Заманауи металлургия — басқа да салаларға негіз болып табылатын және жоғары қосымша құны бар тауарларды өндіруге мүмкіндік беретін жоғары технологиялық сала.

Металлургияның дамуы өңдеуші өнеркәсіптің үлесін көбейтуде және өңірдің экономикасын кезең-кезеңмен әртараптандырудың басталуына елеулі ықпал етеді. Өңірімізде инженерлік білімді дамыту және заманауи техникалық мамандар даярлау жөніндегі жоспарымызды ескере отырып, болашақта нақты металлургиялық кластерді құру туралы да айтуға болады.

ҮШІНШІ. АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІН ДАМУ.

Күріш шаруашылығы — біз сақтап қалуға әрі дамытуға тиіс дәстүрлі сала.

Экономикалық тұрғыдан алғанда күріш экспортынан түсетін пайда көлемі төмен сияқты.

ТӨРТІНШІ. ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУ.

Келесі жылы «Батыс Еуропа — Батыс Қытай» автомагистралінің біздің аумақтағы құрылысы аяқталады.

Сарапшылардың пікірінше, бұл 2020 жылға қарай осы бағыттағы



Алайда, күріш шаруашылығы — ауыл тұрғындарының жұмыспен қамтылуы, сонымен қатар, жер экологиясын сақтап қалу жолдарының бірі екенін ескеру қажет. Күріш егісін азайту арқылы біз құнарлы жер аумақтарын да қысқартамыз. Ал, жердің сорттануы бірнеше жылдық ғана кезеңді қамтиды. Сондықтан да, заманға сай технологиялар арқылы күріш өндірісін дамытып, оның экспорттық әлеуетін күшейту жолын қарастыру керек.

Ауылшаруашылық дақылдарын өңдеудің жана технологияларын қолдана отырып, суармалы егіншілік пен басқа да дақылдарды өсіру бағытын дамытамыз.

Аймақта мал және балық шаруашылықтарының болашағы зор.

жүк айналымының көлемін екі есе өсіруге мүмкіндік береді.

Автомобиль көлігімен бірге әуе және темір жол көліктерін де дамыту қажет. Өрине, бұл мәселелерді бір күнде шешу мүмкін емес, алайда, оның амалын табуымыз қажет.

Өнеркәсіптің дамуы қосымша энергетикалық қуаттардың қосылуын қажет ететіні белгілі. Осыған орай, біз, аймақ тұрғындары мен экономикамызды өзіміздің энергия көздері арқылы 100% электр энергиясымен қамтамасыз ету міндетін алға қоямыз. Оның ішінде, қайта қалпына келетін энергия көздерін дамыту да жоспарымызда бар.

Қызылорда қаласында жаңадан ЖЭО (жылу электр орталығын) салу мәселесінің де маңызы өте зор.

Облыстың барлық елді мекендерін толығымен газбен қамтамасыз ету мәселесін шешу қажет.

2-бет



● МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

ЗЕЙНЕТАҚЫ МЕН ЖӘРДЕМАҚЫЛАР ӨСТІ

Әдетте, жыл басында ел-жұрт әлеуметтік қолдау саласындағы өзгерістерге құлақ түріп, елеңдеп отырады. Облыс бойынша бақылау және әлеуметтік қорғау департаменті басшысының орынбасары Т.Жолымбетов ұсынған мәліметтерді негізге ала отырып, зейнетақы мен жәрдемақылар көлеміне қатысты жаңалықтарды назарларыңызға ұсынамыз.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА

Қазақстан Республикасының «2014-2016 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңында 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап, айлық есептік көрсеткіштің мөлшері (АЕК) — 1852 теңге, ең төменгі зейнетақы 01.01.2014 жылдан бастап — 20782 теңге, күнкөріс деңгейі — 19966 теңге, базалық зейнетақы төлемі — 9983 теңге, яғни күнкөріс деңгейінің 50 пайызы, ең төменгі жалақы — 19966 теңге болып белгіленді.

2014 жылғы 1 қаңтардан бастап тағайындалатын зейнетақы есептеу кезінде алынатын табыстың ең жоғарғы мөлшері (1852 теңге*39) = 72228 теңге, сонда ең жоғарғы зейнетақының мөлшері 54171 теңге — (72228*75%) аспау керек.

Барлық зейнетақы төлемдерінің мөлшері 9 пайызға көбейтілді. Ал, толық емес көлемде зейнетақы алушылардың зейнетақы мөлшері екі тәсілмен қаралды:

- 1) Алып отырған зейнетақы мөлшерін 9 пайызға көбейту;
- 2) Зейнетақы мөлшері 01.01.2014 жылға

белгіленген 20782 теңге ең төменгі зейнетақымен пропорционалды түрде қайта қарау.

Сол сияқты АЕК-тің 1852 теңге болып белгіленуіне байланысты балалы отбасылардың жәрдемақыларын да көбейту көзделіп отыр.

Бала туғанда берілетін бір жолғы жәрдемақының мөлшері бірінші-үшінші бала туылғанда — 55560 теңге, ал төрт және одан да көп бала туылғанда 92600 теңге болады. Бала күтімі үшін жәрдемақылар бала санына қарай, 1-ші балаға — 10186 теңге, 2-ші балаға — 12038 теңге, 3-ші балаға — 13890 теңге, 4-ші және одан жоғары балаға 15742 теңгеге дейін көбейеді.

Ал, мүгедектігіне, асыраушысынан айырылуына және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылардың жәрдемақы төлемдері үшін 2014 жылғы 1 қаңтардан белгіленген күнкөріс деңгейі 19966 теңге есебінен қайта қаралатын болады.

Сонымен қатар, 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алушылардың жәрдемақы



төлемінің мөлшері 7% арттырылатын болады. Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы үшін айлық есептік көрсеткіш 1887 теңге болып белгіленді.

Тағайындалған, бірақ 2014 жылдың 1 қаңтарына дейін төленбеген Семей ядролық сынақ салдарынан зардап шеккен азаматтардың және жаппай саяси қуғын-

сүргінге ұшырағандарға берілетін біржолғы өтемақының мөлшері 1852 теңге АЕК қайта қаралады.

Бүгінгі күні Қызылорда облысы бойынша республикалық бюджет арқылы төленетін 223830 зейнетақы мен жәрдемақы алушылардың төлемдерінің мөлшері қайта қаралып, көбейтілді.



пайғамбарды өмірге әкелген күнінен бастап алатын бұл күнді біршама христиандар шіркеулер мен ғибадатханаларда дұға оқумен өткізіп, мерекені барынша салтанатты түрде тойлайды. Сондай-ақ, бір-бірін құттықтап, жылы сөздерін, игі тілектерін арнайды. Жиырма ғасыр бойы тойланып келе жатқан айтулы мейрамды Сыр еліндегі Қазан-Құдай ана икон шіркеуі де ерекше атап өтті. Жиырма облыс әкімінің орынбасары Ғалым Әміреев қатысып, шіркеуге жиналған көпшілікке аймақ басшысы Қырымбек Көшербаевтың құттықтауын жеткізді.

«Құрметті отандастар! Сіздерді православие мерекесі — Рождество

христиан еліміздің негізгі діндерінің бірі болып табылады. Сондықтан да ізгілік пен қайырымдылыққа үндейтін бұл күн Қазақстанның айтулы мейрамдарының қатарына қосылып, барлығымызға ортақ мереке болып саналуда. Олай болса, осындай кастерлі мерекеде Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін», — делінген құттықтауда.

Мұнан соң шіркеу настоятелі Виталий өкей де өз құттықтауын білдірді. Осылайша, салтанаттың шырақтары жағылып, рождестволық халық әндері — колядки айтылды.

Мейрамгүл
ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

БАҒАСЫНА ҚАРАЙ САПАСЫ

Жаңа жылдан бастап темір жолмен жүріп-түру бағасы жеті пайызға қымбаттады. Қыстың бел ортасында жолақының күрт өсуі жыл сайынғы дәстүрге айналып кеткен сынды. Бастапқыда билет құнын едәуір өсірмекші болған теміржолшыларға Монополия агенттігі тусуа салған. Десе де, соңғы жеті жыл ішінде елімізде темір жол ақысы 75%-ға қымбаттаған.

Енді облысаралық және халықаралық бағыттағы барлық типтегі орындардың бұрынғы бағасына 500 теңгенің үстінде жаңа құн қосылады.

Тарифтің өзгеруіне отын-энергетикалық ресурстардың қымбаттауы, вокзал шаруашылық қызметтерінің, вагондарды күрделі жөндеуден өткізу құнының, деполық жөндеу жұмысының артуы себеп болып отыр дейді. Бағасына қарай сапасы демекші, қызмет көрсету жұмысы да жақсара түспекші.



ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТІҢ ЖҰРУ БАҒЫТТАРЫ ӨЗГЕРДІ

Кеше 8 қаңтардан бастап Қызылорда қаласындағы қалайшылық №4, №5, №6, №20 маршруттарға өзгеріс енгізілді. Енді №4 маршрут Сағымбаев көшесіне Қорқыт ата, Ынтымак, Жеті асар, Жезқазған трассасы арқылы шығады. Ал №5 нөмірлі маршрут Жібек жолы, Сәдуақасов, Желтоқсан, Мұратбаев, Абай даңғылы арқылы Желтоқсан көшесімен Теміржол вокзалына қарай жолаушыларға қызмет көрсетеді. Тасбөгеттен шығатын №6 бағыттағы маршрут Жібек жолымен, Сұлтан Бейбарис арқылы Жетіс көшесіне түсіп Әлихан Бөкейхан көшесінен барып, бұрынғы жолымен жүреді. Сондай-ақ, №20 маршрут Жібек жолынан С.Жұнісов көшесіне, Қалжан Ахун, Түркістан көшесі арқылы Жетіс көшесімен қайта бұрынғы жолымен қызмет көрсететін болады.

Қоғамдық көліктің қозғалысындағы өзгерістер тұрғындардың өтініш-пікірлеріне байланысты жолаушыларға қызмет көрсетуді жақсартуға бағытталып отыр.

Нұрбек САҒАТУЛЫ.



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ 2020 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

Сапалы ауыз сумен ауылдық елді мекендер — 100%, оның ішінде, 80%-ы орталықтандырылған су жүйесімен қамтамасыз етіледі.

Осылайша біз тіршілікті қамтамасыз етуші инфрақұрылымның негізгі үш бағыты, яғни, электр энергиясы, газ және ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша 100%-ға шығуымыз керек.

Бұл — өз кезегінде, тұрғындардың өмір сүру сапасы және жалпы экономиканың дамуына ықпал ету бойынша стратегиялық маңызды бар міндет.

БЕСІНШІ.

АРАЛ.

Бұл — біздің тарихымыз, игілігіміз және жауапкершілігіміз. Жыл сайын Арал теңізінен көтеріліп, таралатын 150 млн. тонна

порттық маңызын қайтаруға және Сырдария өзеніндегі көлдік жүйелерді қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

АЛТЫНШЫ. БІЛІМ, ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІН, ӘЛЕУМЕТТІК САЛА МЕН СПОРТ САЛАСЫН ДАМУ

Бәсекеге қабілетті экономиканы құру үшін бізге жоғары білімді кадрларды даярлау қажет. Алдағы уақытта еңбек нарығында болатын құрылымдық өзгерістерге біз уақытында жауап беруіміз керек.

Бүгінгі таңда техникалық мамандарға тапшылық бар. Сонымен қатар, алдымызда ірі индустриалдық жобаларды іске асыру міндетіміз тағы бар.



түз Антарктидадағы пингвиндердің қанынан және Гренландияның мұз айдындарында анықталған.

Ондаған жылдар бойы бүкіл әлем теңіздің ажалын алаңдаушылықпен бақыласа, бүгінгі күні Арал теңізінің Солтүстік бөлігін сақтап қалу жөніндегі Қазақстанның жобасы туралы таңданып айтуға. Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасымен әзірленген жоба өлем жұртшылығы тарапынан ғасыр жобасы ретінде танылды.

Жобаның екінші кезеңін іске асыру арқылы су деңгейін көтеру, теңізді бұрынғы шекараларына дейін созуға, Арал қаласының

Осыған сәйкес, облыстағы маңызды стратегиялық бағыт — кәсіптік-техникалық білімді дамыту, экономика қажеттілігіне сай жоғары білікті кадрларды дайындауға қабілетті колледждер мен тренингтік орталықтарды құру болып табылады.

Сонымен бірге, біз жаңа аймақтық экономиканы құратын және дамытатын жоғары кәсіби мамандарды тәрбиелеуіміз қажет.

Озық жоғары білім жүйесі болмай тұрып экономикалық және әлеуметтік даму жағынан жоғары деңгейге қол жеткізген аймақтық орталық болуы мүмкін емес. Көп қалаларда университет қаланың «жүрегі» және экономиканы дамыту мен адами әлеуетті толық іске

асырудағы басты факторы болып табылады.

Осы орайда, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін дамыту міндетінің облыс үшін стратегиялық маңызы зор.

Одан басқа, біз аймақтық университеттің қолданбалы және ғылыми-зерттеу құрылымдарын дамыту бойынша жұмысты жандандырумен бірге, қазақстандық және халықаралық ғылыми-зерттеу жобаларына қатысуымыз қажет.

Бұл өз кезегінде, отандық және шетелдік ғалымдармен жұмысты интеграциялау мен қажетті тәжірибе алуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, облысымыздың дамуындағы стратегиялық мәселелерді шешуде маңызды рухани құндылықтарды нығайту, жастардың бойындағы патриотизмді ояту және елі мен туған аймағымыз жетістіктеріне мақтаныш сезімдерін тәрбиелеуде зиялы қауымның маңызды рөл атқаратынына сенеміз.

Аймағымызды өзімізден басқа ешкім өркендетіп, гүлдендірмейтінін түсінуіміз қажет. Ол — біздің міндетіміз.

Мектепке дейінгі білім беруді дамыту бойынша «Балапан» бағдарламасын 2020 жылға қарай емес, мерзімінен бұрын 2015 жылы іске асыруға толық мүмкіндігіміз бар.

Мектептерде балаларымызға қазақ тілімен қоса, орыс және ағылшын тілдерін белсенді түрде оқытып-үйрету үшін барлық жағдайларды жасауымыз қажет.

Мектептер мен ауруханалар құрылысы, оларды заманауи құрылыстармен жабдықтау жалғасын табады.

Денсаулық сақтау саласында барлық шаралар азаматтардың денсаулықтарын жақсарту мен өз денсаулықтарына деген жауапкершілікті арттыруға бағытталады.

Профилактикалық медицина аурулардың алдын алудың негізгі құралы болады.

Өмір сүру ұзақтығының ұлғаюы, ана мен саби өлімінің төмендеуі, туберкулез бен өзге де індеттердің азаюы өмір сүру деңгейін жақсартуға қабылданған шаралардың нәтижесі болуы шарт.

Денсаулық сақтау саласын дамытудың басты бағыты дәрігерлердің біліктілігін арттыру болмақ. Салауатты өмір салты — денсаулықтың басты шарты. Осыған сәйкес, дене тәрбиесі және бұқаралық спортты ауалық спорт нысандарының негізінде дамыту басым бағыттарымыздың бірі болады.

Сонымен бірге, кәсіпқой спорттағы жоғары нәтижелерге бағытталған жұмыстар да өз жалғасын табады.

Елбасының тапсырмасына сәйкес, жақын арада апаттық жағдайдағы әлеуметтік нысандардың мәселесін шешуіміз керек.

ЖЕТІНШІ. МӘДЕНИ МҰРАҢЫ САҚТАУ ЖӨНЕ ДАМУ

Мәдени мұрамызды сақтап қалу мақсатында қайта жаңғырту және Сығанақ, Жент, Шірік-Рабат ортағасырлық қалашықтары мен Арал теңізінің табанынан табылған археологиялық нысандарда зерттеу жұмыстарын жалғастыруымыз қажет. Екі жылда бір рет Қызылорда қаласы мен «Қорқыт ата» мемориалында халықаралық түркі тілдес елдердің фольклорлық музыка фестивалін өткізу дәстүрін енгізу керек.

Келесі жылы «Қорқыт ата» мемориалында Елбасының тапсырмасына сәйкес, күрделі жұмыстар жүргізілуі жоспарлануда.

Қаржыландыру мәселесінің қиындықтарына қарамастан, біз ірі мәдениет мекемелері мен шы-



ғармашылық ұйымдарын құратын боламыз. Мысалы, қазірдің өзінде жаңа драма театры мен заманға сай филармониялық концерттік зал қажет. Облыстық филармония жанында камералық ішекті оркестр, ал, Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ музыка-драма театры жанында жастар театрылық труппасын құру жоспарлануда.

Сонымен бірге, Сыр сұлейлерінің шығармаларын сақтап, ұрпаққа тарату жұмыстарын қолға алатын орталық қажет. Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжіне қолдау көрсету мәселесі де өз кезегін күтуде.

АУМАҚТЫҚ ДАМУ

Аумақтық даму бойынша да ауқымды іс атқарылуы керек. Бұл бағытта бірінші басымдық Қызылорда қаласы болады.

2018 жылы облыс орталығының 200 жылдығын атап өтеміз. Бұл тарихи оқиғаны қала жоғары экономикалық көрсеткіштерімен және дамыған қалалық инфрақұрылымдарымен қарсы алуы шарт.

Сол кезеге дейін қала Сырдария өзенінің сол жақ жағалауында тұрақтала бастайды. Қазіргі уақыттың өзінде геологиялық зерттеу жұмыстары жүріп, инженерлік инфрақұрылымды жүргізу, өкімшілік және тұрғын үй нысандарын салу мәселелері пысықталуда.

Байқоңыр қаласы да аймақтық экономиканың қозғаушы күші ретінде қарастырылып отыр.

Қаланың индустриалды-инно-

вациялық орталыққа айналуына барлық мүмкіндіктер қарастырылған. Сонымен қатар, қалада жоғары технологиялық қызмет секторын құруға мүмкіндіктер баршылық.

Туристік инфрақұрылымды құру бойынша ауқымды жұмыстар күтуде. Айта кету қажет, жуырда «Астана ЭКСПО-2017» Ұлттық компаниясымен тиісті келісім жасалды.



Аймақтардың экономикалық әлеуетін ескерсек, 2015 жылы Қызылорда, 2017 жылы Сырдария ауданы, ал, 2020 жылы Арал ауданы субвенциялық аймақтардың қатарынан шығуы керек. Басқа аудандар бойынша облыстық бюджеттен аударылатын дотациялардың көлемі едәуір қысқаруы тиіс.

Облыстың 2020 жылға дейінгі кезеңде әлеуметтік-экономикалық даму Стратегиясының негізгі бағыттары осындай.

Аталған стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін біз аймақтың барлық мемлекеттік және салалық бағдарламаларға толық қанды қатысуын қамтамасыз етуіміз қажет. Алайда, бұл жұмыстар қысқа уақытта нәтиже бере қоймайтынын айқын түсінуіміз керек. Мұндай өзгерістер біршама уақытты талап етеді, алайда, аймақтық экономикадағы қайтымсыз өзгерістердің басталуына түрткі болады. Нәтижесінде, қалыптасқан өмір сүру, сапалы білім алуға және өмір сүру сапасын арттыруға мүмкіндік беретін жұмыс орындары құрылады.

Стратегиядағы қойылған мәсе-

лерлерді шешу тиісті қаражатты қажет етеді.

Қаржы көздері ретінде біз жеке инвестициялар мен бюджеттік қаражаттарды қарастырамыз. Мемлекеттік-жеке әріптестік — бүкіл әлемде қолданылатын тәсілдердің ең тиімдісі болып саналады. Осыған сәйкес, жұмысымыздың басты бағыты аймаққа инвестиция тарту болса, бюджеттік ресурстар пайдалы нәтиже беру қағидасы

негізінде жұмсалады. Қойылған стратегиялық міндеттерді шешу барысында жалпы қоғамның жұмылған бірлігі жетістіктің негізгі кепілі болып табылады.

— Бізде Стратегияны жүзеге асыруды бастаудың қалыптасқан негізі бар, — деп атап өтті облыс басшысы. Бірақ, бұл жеткіліксіз. Ортақ мақсатқа бүкіл қоғам болып жұмылғанда ғана қол жеткізе аламыз.

Стратегияның мақсаттары мен міндеттерінде, бірінші кезекте, жергілікті тұрғындардың мүдделері ескерілген. Әрбір қызылордалық осы құжаттан өзінің кәсіби және отбасылық өсу мүмкіндіктерін көре алады.

Әр азамат отбасы мен өз халқының болашағы үшін аймақтың экономикалық және мәдени жетістіктеріне қатысты туған елінде жұмыс жасауға шешім қабылдауы тиіс.

Болашақ ұрпаққа қарқынды экономика, таза табиғат және маңызды рухани құндылықтарды қалдыруымыз керек.

• ДІН – ДІЛ ДІҢГЕГІ

Қазіргі жас ұрпақ қоғамның болашақ қайраткері, еліміздің тірегі. Бүгінгі жас — ертеңгі ел тізгінін ұстайтын ел ағасы. Келешектің кемелді болуының кілті өсіп келе жатқан ұрпақтың қолында. Рухани ізгілікті, жанару заманына лайықты, өзін-өзі басқара алатын жан-жақты тұлға тәрбиелеу күн тәртібінен ешқашан түспек емес. Қоғамдағы әрбір азамат иманы көміл, денсаулығы мықты, рухани дүниесі бай, жаны мен төні кіршіксіз таза, танымдық белсенділігі мен шығармашылық қабілеті ерекше тұлға болу керек. Бұл да жастардың өз-өзін қолға алып, жастық шақтың қалдырып қалған кезеңіне жеткен кезде ғана болады.

Жастардың қолынан талай дүние келеді. Бүгін осы мүмкіндікті жіберіп алса, ертең орны

«Алла тағаланың разылығы — ата-ананың ризашылығында, Алла тағаланың ашуы ата-ананың наразылығында», — деп ескертеді. Бүгінгі күні ата-анасынан достарын, басқа да жора-жолдастарын артық көріп, солар үшін ата-анасын ренжітіп, көз жасына қалып жататын жандар кездеседі. Бірақ ұмытпауымыз керек, ата-анасын жарылқап, оның жүзін жадырата алмаған, оларға опа бермеген жан ешкімге опа беріп қарық қылмайды. Себебі, ата-ананың біз үшін көрген бейнеттерін санамағанда, ананың әр баласын дүниеге әкелу үшін қанышама қиыншылықтан өтетіндігін бағамдауымыз керек. Осыны ескеру үшін Алла тағала Құранда бізге былай дейді: «Біз адамдарға әке-шешесіне жақсылық жа-

келешекке бағыт белгілейді. Сондықтан, әрбір иманды жас иманы міндеттерін үйренумен қатар өз мамандығын жақсы меңгеріп, халқымызға, елімізге пайда келтіруге тиіс. Жастық шақ — нағыз білім алатын кез. Дініміз білімге, ғылымға және оқуға ерекше көңіл бөледі. Пайғамбарымызға келген тұңғыш уахи, бұйрық «оқы!» деп басталды. Ғылым мен ғалымды дәріптеп, білім алуға шақыратын айт-халистер өте көп.

Иманды жас уақыттың қадірін біледі. Себебі, Жаратушының адам баласына берген баға жетпес, қайтып оралмас құндылықтарының бірі — уақыт. Уақыт біздерге тегін дүниедей көрінгендіктен бағаламай жататын кезіміз көп. Уақытты босқа өлтіру, пайдасыз

ПЕНДЕГЕ ИМАН ӨЗІ АШАДЫ ЖОЛ

толмас өкінішке қалары сөзсіз. Бірақ, бөрі бекер болмақ. Бойда күшін қайнаған жастық шақ қайта келмейді. Көрілік жетсе, жеңбей қоймайды. Сондықтан, Міржақып Дулатов атамыз айтып кеткен мына бір мысалды естен шығармайық. Ұлтым деп өткен ұлы тұлға «Бір жылдың ішінде бір-ақ жаз болады. Ағаш-шөптер, гүл-жапырақтар бір-ақ рет жасаралы. Осы секілді, адамның басына жастық екі келмейді. Жастық біздің өміріміздің жазы. Жаздан кейін қалай күз келеді. Сол секілді жастықтан соң көрілік жетеді. Шаруасына жинақы кісілер жаз күні қыстың азық-түлігін даярлап қояды. Адам да жасында өнер-білім, жақсы мінездерді бойына жинауға тиіс. Мұнысыз ол қартайған шағында рахат тіршілік ете алмайды» деген екен.

«Мұмин болсаң, әуелі иманды бол, Пендеге иман өзі ашады жол», — дейді Абай атамыз. Шын мәнінде, дін қағидалары — адамның рухани дамуы мен қалыптасуының негізі. Сондықтан да, жастардың иманды болуы, ақ пен қараны, жақсы мен жаманды ажырата білуі болашақтарын бағамдауға маңызы өте зор. Халқымыздағы «Құдайдан қорықпағаннан қорық» деген сөздің мәні терең. Себебі, қолына мүмкіндік тиген кісі Құдайдан қорықпаса, қолындағы құзыретті жеке басының мүддесі мен құлқыны үшін пайдаланып, зұлымдық пен қиянаттың, күнә мен обалдың неше түріне барары сөзсіз. Бірақ, ешқашан ұмытпауымыз керек. Әділетті Иеміз қиянат пен зұлымдықты екі дүниеде де жазасыз қалдырмайды. Сондықтан арам жолмен, қиянатпен жеткен жетістік ешқашан ұзақ, берекелі болмақ емес. Әрбір иманды жас ата-анасының қадірін, олардың алдындағы міндеттерін білуі тиіс. Алла тағала өзінің разылығын ата-ананың разылығына, ашуын ата-ананың ашуына байла-ныстырып қойды. Бұл жайлы пайғамбарымыз:



сауды өсиет еттік. Анасы оны қиындықпен құрсағында көтеріп, сондай ауыртыпшылықпен дүниеге әкелді. Ананың жатырда баланы көтеруі мен емшектен шығуы отыз айға жалғасты».

Ендеше, елге жасалатын ізгілікті істер ата-ананы қадірлеуден басталады.

Алла тағала ата-ананы қадірлегенге береке дарытқан. Болашағының шуақты да бақытты болуын қалаған әрбір жас осыны ұмытпауы керек.

Иманды жас білімді болады. Адам баласы тек білім арқылы дінін үйренеді, дүниені таниды, табиғаттың құпия сырларын ашады, ғылымды дамытады, болашағын болжап,

істермен айналысу қолындағы алтынды босқа шашқаннан да зияндырақ. Себебі, уақытты сатып ала алмайсың. Бірақ уақыт болса, барлық нәрсеге қол жеткізуге мүмкіндік табылады. Уақыттың қадірін білмеу дегеніміз — бүгінгі істі ертеңге қалдыру. Бұл — үлкен қателік.

Жастарға артылар жүк жеңіл емес. Алланың берген тәуелсіз елін сақтап, жарқын болашақты өз қолдарымен жасау міндеті тұр. Бүгін барлық мүмкіндікті пайдалана отырып еңбек ету ғана оларды мақсатқа жеткізе алады. Бұл — елдің үміті, бабаларымыздың аманаты.

Батырбек УБАЕВ,
дінтанушы.

ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Бүгінде ел-халықтың дәулеті артып, тұрмыс-тіршіліктері түзеліп келеді. Содан болар жыл өткен сайын автокөліктер қатары көбейіп, жол қозғалысының қауіпсіздігін сақтауда күрмеуі қиын мәселелер де туындауда. Демек, ҚР Үкіметінің 2012 жылы қабылдаған «Қазақстан Республикасында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етудің 2012-2014 жылдарға арналған салалық бағдарламасын» жүзеге асыру жергілікті атқарушы органдардың басты назарында болуы тиіс. Осыған орай жақында облыстық ішкі істер департаменті жанындағы қоғамдық кеңес отырысы болып, онда «Жол қауіпсіздігін қамтамасыз етудің 2012-2014 жылдарға арналған салалық бағдарламасында қаралған мәселелердің орындалуы және жол қауіпсіздігін автоматтандыру бағытындағы атқарылатын жұмыстар жайлы» өкімшілік полиция басқармасы бастығының міндетін атқарушы, полиция полковнигі Қ.Әденов хабарлама жасалды.

Өкімшілік полиция басқармасының берген хабарламаларына жүгінер болсақ, Сыр аймағында жол қауіпсіздігін сақтау бағытында біршама игілікті істер қолға алынып жатқан сынайы. Саралап айтар болсақ, 2012 жылы жергілікті бюджеттен 18 млн. теңге қаржы қаралып, автокөліктің ағынын дистанциялық бақылауды жүргізетін «Поток» мобилді ақпараттық кешені іске қосылса, 16 млн. теңгеге 20 дана «Визир-2М» жылдамдықты бақылау құралдары алынған. Сондай-ақ, жол қауіпсіздігін бақылау үшін 36 дана «Шкода Октавия» жол полициясының нысанды автокөлігі алыныпты. Өткен жылы Қызылорда қаласының Мұратбаев көшесі мен Абай даңғылы және Жібек жолы мен Бейбарыс көшелерінің киылысында автоматтандырылған іздеу кешені орнатылды. Соңғы екі жылда мемлекет тарапынан қыруар қаржы қаралып, 30 дана бейнетіркегіш, 8 дана жылдамдық өлшегіш, тағы басқа ондаған жол



«Қызылорда облысы өкімі аппаратының «Жұмылдыру жұмыстары және дағдарыс жағдайдағы шұғыл талдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі теңгеріміндегі маркасы «OWNER S MANUAL» борттық нөмірі Е-1854, 2010 жылы жасалған өздігінен жүзбейтін шағын кемелін №002407 кеме билетінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептеліні».

Е.ӘБІЛ.
Қызылорда қаласы.

Әдетте, халық кез келген шығармаға жақсы жазылшыты, жаман жазылшыты деп өз бағасын беріп жатады. Ол – заңды құбылыс. Кім туралы жазса да, оның сөтті шығуы үшін жазып, айтып отырған адамың жаратылысынан жақсы адам болуы керек. Оны жан-жақты, жақсы білген керек, жақсы түсінген керек, жақсы көрінген керек. Сонда ғана жақсы шығарма туады. Жақсы адамның жақсылығының өзі – ешқандай әсерлеусіз-ақ, өшексейлеусіз-ақ, көтермелеусіз-ақ, дөнеркелеусіз-ақ жақсы шығарма.

Жірікпені отырғып, жиырмилып отырғып, жек көріп отырғып жақсы сөз айту, жақсы шығарма жазу, шешілу, көсілу, тебірену, тереннен тербеу мүмкін емес. «Көңілісізден көзсіз бала туады» демей ме?! «Жақсы» сөз жарым ырыс емес, толық ырыс», – дейді Ұзақ Еспанов. Жақсы сөзді, жақсы лебізді, мақтау, мадақ айтуды адам түгүлі, ештеңеге мұқтаж емес, бүкіл әлемнің жаратушысы Алланың өзі де ұнатады екен.

Алла тағала өзі жаратқан пендесіне «Сен маған қарай бір қадам жасасаң, мен саған қарай ол қадам жасаймын, егер сен маған қарай ол қадам жасасаң, мен саған қарай жүгіреймін» дейді екен. Не деген керемет ұйлық, не деген кісілік, не деген кішілік, бүкіл адамзатқа не деген тегісі жоқ үлгі, өнеге десесің.

Бұл дүниеде кім де болса, сыйлағаның құді, «Сыйға сырық бойламайды», «Сыйға сый, сыраға бала», сыйластықтан артық ештеңе жоқ. Сыйластық бар жерде, қимастық бар. Атам қазақ: «Еңкейгенге еңкей, ол еңкейін құлы емес, шалқайғанға шалқай, ол құдайдың ұлы емес» дейді. Бөріміз де Құдайдың құлымыз, Пайғамбардың үмбетіміз, Шәдіярдін досымыз, Иманмағамның қауымымыз. Олай болса, бөріміз де доспыз, бауырымыз, туыспыз, тамырласпыз, қандаспыз.

Ал, Бозғұлов Ерекеннің достығы, бауырластығы, еңкейгендігі, тіптен, сөлемесісі де ерекше елі, бөлекше еді.

Өмірде бірін-бірі жақсы көретін адамдардың қарағым, шырағым, айналайын дейтіні баршамызға белгілі жайт қой, ал жақсы көрген адамың жаным дейтін жалғыз адам Ерекен еді. Ерекенмен бір кездесудің өзі бір ғанибет, бір сұхбаттасқанның өзі бір өмір еді. Құшағын ашып, бауырына басып, жаным дегеніңе жаныңды жалғартады, жарықтықтың бір сөлемінің өзі бір ат мінгізгендей еді.

Бірде еліміздің кәдірлі азаматы Исатай Әбілқарымов қайтыс болғанын, туыс-жекжаттар, дос-жарандар кезекті бейшенбілікте жиналды. Бөріміз дастарқанға жайғасып жатырмыз, Ерекен болса, қабырғада ілулі тұрған Исекеннің бейне портретінің алдында басын иіп, сүйіп жатыр.

Талай жақсыларды көрдік, талай жайсаңдарды көрдік, талай жан жолдастарды көрдік, талай арасынан қыл өтпес достарды көрдік, талай сыйластарды, талай қимастарды көрдік, бірақ шын езіліп, шын егіліп біреудің біреу суретін сүйгенді көрген емеспіз. «Жаным» деген жан тебірентерлік, жан семірткерлік күдіретті сөзді тек Ерекеннен естілді, осыншама адамы Пир тұтудың, сыйлаудың, құрметтеудің, асыл аға рухын тербетудің киелі, кіршіксіз, адал, азаматтық үлгісін Ерекеннен көрдік.

Ерекеннің өмірі табиғатынан тап таза, тәтті, тағалымды, бөтуелі, салқалы сөз, тындырлымды, тиянақты, игіліктісі, отбасына, әулетіне, елге, халыққа, мемлекетке, уақытқа, тарихқа деген кіршіксіз адалдығы, жолдасқа, досқа жалпы адамға деген пейілі, ықыласы, ілтипатты, адамсуы-гіштігі, адасмайлағыштығы, адам-тындағыштығы кімге де болса, қашан да болса ерекше тандандарлықтай, таңғаларлықтай, баршамызға мәңгілік ессіз, өлмес үлгі, өнеге болатырлықтай еді.

Мәдір бұлақтың тау шыңынан, қасиетті, киелі, таза жерден бастау алатындыай Ерекеннің де тамаша адамы қасиеттері оның тегінің, қанының, жанының, тәнінің тазалығынан бастау алады. Лас, арам жерге адал нәрсе шықпайды. Ерекен – тырнағына дейін адал азамат. Ерекеннің тектілігінің тамыры терен. Оның атасы – белгілі би, Әбілғары ханның Екпериіне II-ге жіберген елшілерінің бірі Келет, тұтқасы Жалаңтөс Байлау дұлдасы. Алшахханның үздігі Айтқұл, тектасы – үш жүзге белгілі би де, бай да болған Есімбет сияқты асылдардың, атандардың сынығы, тулпарлардың тұяғы. Сондықтан да Ерекеннің Ерекен болмауы мүмкін емес еді.

Ерекеннің жолбасшысы, қолбасшысы, өмірбасшысы, бақыт басышы – Алланың сыйы ақылы, жақшысы да, ұстазы да, шөкірті де, сыйынары да сүйенері де – өзі, жетекшісі, бағдаршысы – таудай талабы, тірегі мен темірқазығы терен білімі мен мол тәжірибесі, жолдасы, өмірсерігі өзі сүйген, жасампаз құрылышысы көбі, шолушысы, барлаушысы қырғидай қиялы мен оттай ойы, қорғаны – сабыры мен салқалығы, салауаттылығы, қорғаушысы – манас мінезі, желеп – жебеуші, адал еңбекші, адал өмірі, сынаушысы – халық, тарих, уақыт.

Қызға қырық үйден тыю дегендей, атқа мінгенін ажалға мінгенін, ел сенімін, халық аманатын арқауға асырмақ осындай бәр керек, қырық қыр, жүз сүрті артықтық қылмайды.

Мен Ерекенмен өткен ғасырдың секенішісін жылдары Шиелиде аупарткомның бірінші хатшысы кезінде нақты іс үстінде, еңбекте етеңе таныстымын, табыстым. Ол кісі менің өтінішімнен, облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Төкей Есетовтің тапсырмасымен біздің ауданға жоспардан тыс жер тегістен беру мәселесімен келді. Аяғында керзі етік, қолында 96 беттік дөңгір, қарапайым киінген, тегістелетін жерді, болашақ қанаданды, қашыртықның жолдарын ерініей-жалқылап, егжей-тегжейлі өзі жаяу аралап көрді.

Жәрдемші де, жобалаушы да, орындаушы да, басың да, қосың да, өзі сияқты жерін дөңгірге мұқият түсіріп батыр, түсіріп жатыр. Жүсіртұрысы салмақты, тапсырмасы тиянақты, уәдесіне, атына, сертіне

берік, екі айтпайтын, алған бетінен қайтпайтын, өз ісінің жетік маманы, үлкен ұйымдастырушысы, ауқымды, жауапты істің адамы екендігіне менің сол кездерде көзім де, көңілім де әбден жетті. Екеуімдің таныстығымыз, сыйластығымыз, ағалы-інілігіміз, тілектестігіміз, достығымыз осы үлкен халықтық, игілікті істен бастау алып еді.

Ең тұрақты, ең сенімді, баянды достық, ой-өрісі, қалір-қасиеті, дүниетанымы, пікір-қозғарысы, дәржеденгейі бірдей, терезесі тең, керегесі кең, бар болмысы сәйкес, үндес, үйлесімді келетін адамдардың «Әлемнің өміршісі – еңбекте» бірін-бірі тануы, табысуы, достасуы.

Бұл өткініші өмірде де, ол мәңгілік өмірде де ұлылар ұлыларды таныды, жақсылар жақсыларды табады, жамандар жамандарды табады, адалдар адалдарды табады, арамдар арамдарды табады. «Тең теңімен, тезек қабымен» демей ме?! Жақсылар мен жайсаңдар тірісінде түгүлі, өлгенде де көсіліп, қатар жатуды қалайды.

Ерекен қалай айтсаң да, қай жа-

Елтай Құтыбаев, Әлімбет Жаппарханов, Әбдіманан Қутжанов, Мәделхан Нәлібаевтар. «Жолдасыңның кім екенін айт, мен сенің кім екенінді айтайын» дегендей, Ержігіт Бозғұловтың замандастары, тағдырластары, әріптестері, мұраттастары, қанаттастары, жолдастары, достары осындай тұғырлы тұлғалар еді. Дос таба білудің өзі, дос тандай білудің өзі, дос бола білудің өзі, досты сақтай білудің өзі үлкен адамы қасиет, азаматтық ерлік, табиғи талант. Жақтық Ерекен осы ірілердің ішінде ірі елі, шөкітғы биік маркасқалардың, қайыспас қара нарлардың бірі еді.

Осы жақсылардың бәрі де Ерекенді құрметтеп, сыйлап, сеніп, тыңдап, есептесіп, ескеріп-«Ерек»дейтін, «Жүрген жерін мереке» дейтін, «Жүрген жерін мереке» дейтін бөрі де ақылдасатын, арқа сүйейтін, маңдай да, арқа да, табан да тірейтін.

Жоғарыда аты аталған ардақты, асыл азаматтардың әрқайсысының өзі жөнінде, өмірі жөнінде, өнегесі жөнінде, мамандығы азаматтығы, қайраткерлігі, қажырлылығы жөнінде

халықтың есінде, ешқашан ұмытылмақ емес. Облыста тегістеген әрбір алақандай жерден, әрбір метр жолдан, каналдан, қашыртықдан, бірнеше мыңдаған гидротехникалық, өндірістік, әлеуметтік нысандардан, қырман-дардан, ұшақ аңдарынан, құдықтардан, көпірлерден Ерекеннің төккен адал терінің ісің аңқып тұр.

Олардың әрқайсысы, жеке-жеке, бірге жөрмен біз Ерекеннің тірісінде өз қолымен өзіне соғып кеткен ескерткішіміз, біз Бозғұловтың өміріміз, өзіміз деп атой салып, айқайлап едің, халықтың, тарихтың, уақыттың жалын бүгіле жанғыртып тұр. Келесікте де солай боларына күмәніміз жоқ. Бұл болашақ алдында жауапкершілігі өте жоғары тұжырымның шындығына, шынайлығына көзіміз де, көңіліміз де, әбден жеткендіктен, осындай көрегенділік, көріпкелдік кесімді болжам айтып отырмыз.

Бірде сөті түсіп Ерекен, Маханов Тұрғанбай үшеуіміз Түгіскен массивіне орналасқан шаруашылықтарды түстел аралап, қайылып, елмен, кездестіріп, кіріпкелістік. Кай ауылға барсақ

дардың сүйемелдеуімен техникадан түсетін кезі де болады. Біреуге біреу өлдім десе, қарайтын уақыты жоқ, баста тек жоспар, социалистік міндеттеме, жарыс, намыс алға, алға, тек алға. Сол заманның адамдары қандай фанатиктер десеніңіші. Айтыңдаршы ағайын, соғыстан мұның неі кем?

Соғыс дегеніміз тек, ату-шабу емес, соғыс деген солдат, адам оның тамағы, денсаулығы, киімі, қару-жарағы, оқ-дәрісі, сайып келгенде, оның көңіл қүйі, жалпы әскери құрамалардың жолмен, көпірмен, техникамен, қосалқы бөлшектерімен, жанар-жағармаймен, қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуі. Сондықтан да соғыстан нәтижегі, жеңістің тағдыры негізінен осы шаруашылық мәселелерінің шешілу дәрежесіне, еңбек майданының қалай ұйымдастырылуына тікелей байланысты.

Олай болса, кімде-кім еңбек майданын, шаруашылықты, өндірісті нәтижелі басқарса алса, ол соғыс майданында да басқарса алады десек, ақиқаттың ауылынан алыстамаспыз деп



ғынан келсең де, қандай өлшемге салсаң да етек-жеңі кен, көлөңкесі мен шуағы мол, ірілігіне кішілігі даналығына дарағы, азаматтығына айбындылығы жарасқан, құдай үйген бір төбедей кісі еді.

Сол жылдары облыстық партия комитетінің пленумында, едің, халықтың алдында «Жұмысты Ержігіт Бозғұловтай, Орынбай Жанәлловтей істеу керек» деп осы асыл азаматтардың өзіне, өміріне, жасампаз еңбектеріне өз ризашылығымды мәртебелі мінберден білдіргенім бар.

Кай заманда болмасын, қай қоғамда болмасын судың, жердің тілін білген білген адам құрметті, қоғамда алатын орны ерекше болған. Сондықтан да халық: «Судың, жердің тілін білген ұтады, судың, жердің тілін білмеген құртпай» деп бекер айтпаған. Қазақ тарихында ертеден жердің, судың тілін білетін адамдарды мұраб деп атаған. Сусыз, жерсіз тамақ жоқ, тамақсыз өмір жоқ. Мұраб – халықтың асыраушысы. Мұрабтарды құрметтеу, ұлықтау, ұлағаттау, марапаттау, мадақтау, ынталандыру дәстүрі сонау Николай II патшаның заманында да болған. Ол 1890 жылы арнайы «Мұраб» атты медаль шығарып, суармалы егіншілікке айрықша еңбегі сіңген мұрабтарға сен беріп, шекпен жауып, медаль тапсырған. Осындай марапаттың иегері, Сыр мұрабтарының атасы Қосымбет Ахунның ұлы Нұртаза ақсабал болған.

Құдайға шүкір, осы қасиетті, киелі мұрабтық дәстүр өзінің ақшылығы да, ұстазы да, шөкірті де, сыйынары да сүйенері де – өзі, жетекшісі, бағдаршысы – таудай талабы, тірегі мен темірқазығы терен білімі мен мол тәжірибесі, жолдасы, өмірсерігі өзі сүйген, жасампаз құрылышысы көбі, шолушысы, барлаушысы қырғидай қиялы мен оттай ойы, қорғаны – сабыры мен салқалығы, салауаттылығы, қорғаушысы – манас мінезі, желеп – жебеуші, адал еңбекші, адал өмірі, сынаушысы – халық, тарих, уақыт.

Қызға қырық үйден тыю дегендей, атқа мінгенін ажалға мінгенін, ел сенімін, халық аманатын арқауға асырмақ осындай бәр керек, қырық қыр, жүз сүрті артықтық қылмайды.

Мен Ерекенмен өткен ғасырдың секенішісін жылдары Шиелиде аупарткомның бірінші хатшысы кезінде нақты іс үстінде, еңбекте етеңе таныстымын, табыстым. Ол кісі менің өтінішімнен, облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Төкей Есетовтің тапсырмасымен біздің ауданға жоспардан тыс жер тегістен беру мәселесімен келді. Аяғында керзі етік, қолында 96 беттік дөңгір, қарапайым киінген, тегістелетін жерді, болашақ қанаданды, қашыртықның жолдарын ерініей-жалқылап, егжей-тегжейлі өзі жаяу аралап көрді.

Жәрдемші де, жобалаушы да, орындаушы да, басың да, қосың да, өзі сияқты жерін дөңгірге мұқият түсіріп батыр, түсіріп жатыр. Жүсіртұрысы салмақты, тапсырмасы тиянақты, уәдесіне, атына, сертіне

кеңінен өңгіме қозғап тереннен тербеуге әбден лайықты. Бірақ оған бір мақаланың аясының тарлық етері сөзсіз. Сондықтан мен осы үлкен құрметпен аты аталған азаматтардың дүниеден озғандарының мәңгілік өшпес рухын, тірілерінің абыройы мен атағы, белелі мен берекесін, ерен еңбегін бетке ұстай отырып, бөрінің атынан Ержігіт Бозғұлов жөнінде сыр шертуді жөн көрдім. «Атымды ата да, сыбағамды ітке таста» деген қазақтың ұрпағы емеспіз бе?! Аттарының аталғанына риза болсын.

Облыста 200 мың гектардың үстінде жер инженерлік жүйеге келтіріліп тегістелген, 2500 шақырым магистральдық каналдар, 31 мың шақырымдай ішкі шаруашылық каналдар мен қашыртықтар, 24 мың ірі-ұсақты гидротехникалық инженерлік құрылыстар бар.

Осыншама байлықты еліміздің алтын қоры деп атады. Алтын қор десе алтын қор дегендей, жердің тегіс-телуі, күрші көлемі мен өнімнің еселіп өсуі, облысымыздың экономикасы қарқынды дамытып, халқымыздың хал-ахуалын, тұрмысын түбегейлі жақсартты. Ақ құрған халқымызға бак та, атак та, абырой да, ырыс-несібе де болды. Міне, осы байлықтың, бақыттың авторы да әктері де айналады. Қызылорданың жоқтан бар жасайтын қалы, мыңдаған білікті су, жер мамандары іскер талантты, ұйымдастырушы басылардың бір шоғыр тобы екендігіне ешкімнің дауы жоқ деп ойлаймын.

Сол жылдары облыста атқарылған осы игілікті, ізгілікті, тарихи, тағдырлы, бұрын-соңды қиялға да сыймайтын, қыруар жұмыстардың басында, қасында, ортасында қырық жылдай Қызылорданың топырағынан табаны таймай басшы да болып, қосшы да болып, ұйтқы да болып, ұйымдастырушы да болып Ержігіт Бозғұлов жүрді. Облысымыздың экономикалық-әлеуметтік бет-бейнесін түбегейлі өзгерткен осындай атқарылған ауқымды жұмыстардың басым көпшілігі Ерекеннің қолынан өтті.

Әдетте, халық бұл дүниеде үш сауапты жұмыс бар дейді. Ол – құдық қазу, қорып салу, ағаш оту. Ерекен өзінің теріп білімін, мол тәжірибесін, Алла берген табиғи талантын, қалір-қасиетін, адал еңбегін бүкіл саналы өмірің, өзін канал, қашыртық, құдық қазуға, жол, көпір салуға, барлық инфрақұрылымдары шешілген сол заманның кіші қалашықтары, кеншар орталықтарын салуға, оны жасыл желекке бөлеуге арнаған азамат. Маған оның осы адал еңбекпен, халыққа жасаған жақсылығымен тырнақтап жиган сауабы асы бермес асқар таудай, Ерекеннің абыроймен ағарған шашы, басы сол таудың қар басқан апақ шыңындай көрінеді.

Олай болса, Ерекеннің өзін, өнегелі өмірін, жасампаздық, жанқиярлық ерлік еңбегін, елге, халыққа жақсылық жасаудың нағыз сауапты, иманды іс жасаудың символы деуге әбден болады. Ерекеннің еңбегі едің,

та жас жігіттер, жігіт ағалары, ардагерлер Ерекенді құшақтап, шын көңілдерімен, ақ пейілдерімен, ыстық ықпалстарымен ізгі ілтипаттарымен арасын үзбей тізіліп, арқа-жарқа, мере-сөре болып, құтты бір өскерден әкесі келгендей сәлемдесіп жатыр, сәлемдесіп жатыр.

Сәлемнің де сәлемі бар ғой, ал бұл сәлемдердің жані бөлек, әрқайсысының Ерекеннің жеке басының байлығы мен бақыты екендігі, абыройы мен атағы ешкімнің де күдігі мен күмәнін тудыра қоймасы ақиқат. Ерекен болса, жаны жаздай жаулап, өзіне-өзі риза болып, «Әй қарағым, сен әлгі трактордың құлағында ойнайтын, экскаваторды ұрышқа иіретін, скрепермен жерді тілмен жағалайды етіп тегістейтін, бетонды балшықса илейтін, зілбатпан темірлерді, плиталарды қрансыз қолымен көтеретін, анау бір өзі бір қойдың еңі жейтін, ол атты кесе сорпа ішетін, ұйықтағанда қорылы бір шақырым жерге жететін поленишелерін, төленшелерін, түгеншелерін балшықсыз ғой, өзісің ғой, көзісің ғой, айналайын» деп әрқайсың ең салып, таңба басып қойғандай бөгеріңарынан жазбай, жанымдай таңып, бауырына басып жатыр, басып жатыр. Өйткені Ерекен осы массивте іске қосылған әрбір нысанның басында аптапал, айлап, жылдап жатып, халықпен, елмен қаны да, жаны да мидай арасылып, сол халықтың біріне, біреуіне айналып кеткендей.

Осы көріністерге танданып, таңқалып, сүйсініп рахаттанып тұрғана ойды ой қозғайды, сөзді сөз қозғайды, суды жел қозғайды дегендей, менің өсім бір тарихи, тағалымды дәулет түте кетті.

Юлий Цезарь, Александр Македонский, Бонапарт Наполеон секілді атақты қолбасшылар өздерінің қармағындағы 25-30 мың солдаттың әрқайсысын жеке-жеке танытын, әрі аттарын да білетін болған екен. Не деген керемет десеніңіші! Өкіне, бұл тегінен тегін емес, соғыс деген соғыс, соғыс деген қан төгіс, соғыс деген ажал – тағдыр, өмір, өлім, әрбір адам өзінше бөлек болмыс, өзінше қайталанбас құбылыс, бір адамның өмірін, бүкіл адамзаттың өмірі, бір адамның өлімін, бүкіл адамзаттың өлімі, қайғысы, қасіреті деп бағалаған ғой, жарықтық жайсаңдар.

Ержігіт Бозғұлов та сондай қайнаған еңбек майданының қансыз, шығынсыз соғыстанғы маршалы еді ғой. Жерді инженерлік жүйеге келтіру – қиын, қымсалатын, қарбалас, қиямет тарихи жауапкершілігі, салмағы, салдары тағдырлы нағыз жанкешті еңбек майданы. Тәулік бойы тынымсыз еңбек, жұмыс күнмен емес, сағатпен өшенеді, күзгеленген техниканың гүрілінен, шуынан біреуді-біреу естімейді, айналайын Қызылордада 365 күннің 360 күні жел ғой, қоқала шаңдан біреуді біреу көрмейді, адамдардың жылтыраған көзі менен тіс аңа көрінеді, механизаторлар тамақты техниканың үстінде отырып ішеді, кейде аяқ-қолы сіресіп қалып, адам

ойлаймын. Ерекен еңбек майданының маршалы, оның беті аулақ, егер оның тағдырына соғыс кездескенде, ол сөзсіз соғыс майданының да маршалы болар еді. Ерекеннің дұшпаны аз, жолдасы мен досы, тілектестері, сыйластары, сырластары көп, шөкіртке бай, төңіреті түгел, іргесі бүтін бақытты адам еді.

Облыста, республикада одан тыс жерлерде «Біз Бозғұловтың шекпелінен шыққанбыз» дейтін атпал азаматтар көптеп саналды. Олар өздерін үлкен құрметпен, мақтаныспен, қанағаттанғандық сезіммен Бозғұловтың адалдық, азаматтық, адамгершілік, іскерлік қасиеті шеберлік мектебінің шөкірттеріміз деп есептейді, оны өздеріне үлкен мәртебе деп санайды. Олар: Мулаев Ибрагим – Чечен – ингушет Республикасы министрілер кеңесі төрағасының орынбасары, Парламент Сенатының депутаты Қожамбет Баймаханов, елге, халыққа белгілі абыройлы азаматтар – Самұрат Имандосов, Нәжмадин Мұсабаев, Айтбай Көшербаев, Айтмұрат Шәменов, Нұртазаев Бақыт, Мелеуов Сақтапберген, Морозов Виктор Степанович, Ким Герман Степанович, Шек Виталий Миронович, тағы да басқалар. Осы шөкірттерінің Ерекенді соншалықты сыйлайтындығы, құрметтейтіндігі кімге де болса өнеге болатырлықтай. Сыйластық бар жерде қимастық бар. Мулаев Ибрагим өткен күзде сонау Кавказдан арнайы келіп, Ерекеннің көңілін сұрап қайтты, соңғы сапарға шығарып салу шараларына қатысатын, өзінің ұлағаты, әскері естеліктерін айтып, еділ елен еткізді. Ерекеннің бауырынан шыққан балдарынан кем көрмейтін, сүйікті шөкірттерінің бірі Қожамбет Баймаханов: «Қаншама уақыт өтсе де, мыңдаған шақырым жерде тұрсам да, Ерекенмен телефонмен отырып сөйлесе алмаймын, қалай орыманнан тұрып кеткенімді өзім де білмеймін» дейді. Шынайы сыйластық, адал сезім, құрмет, ілтипат, шөкірттің парыз деген осы.

Ереккен қаншама жыл есепсіз байлықтың үстінде жүріп дүниеге көз салмай, қызықпай, бойын алдырмай, аяғын шалдырмай қоғам мүлкін көзінің қаршығындай сақтап жеке үйсіз, көліксіз жана заманның, жана қоғамның азаматы болып шыға келді. Адалдық бар жерде әділдік те, жақсылық та бар екен, Қожамбет пен Самұраттың бастамашылығымен Ере-

кеннің 70 жылдық мерейтойы қарсаңында сондай қиын заманда, өтпелі кезеңде, жоқтан бар жасағандай жағдайда шөкірттері, жабылып жүріп ұстаздарын жақсы, жана үйге кіргізді. «Жақсы әке балаға қырық жыл азық» дегендей, жақсы шөкірттің де ұстазға қырық жылдық азық екендігіне көзіміз жетті. Жақсы адамның шапшаңдығы, шарапаты күннің сәулесіндей түспейтін жері, түспейтін уақыты менен уақытасы жоқ екендігінің де күсі болмақ.

Менің Сырдария аудандық Кеңес атқару комитетінің төрағасы кезім. Аупарткомның бірінші хатшысы Еламан Жүнісбаев. Облысқа республика Байланыс министрі Сәбит Байжанов іс сапармен келіп, біз ол кісіні ауданда күтетін болдық. Табиғаттан, қаланың жанындағы дарияның бойындағы саяжайлардан кісі күтуге лайықты орын іздеді. Зерттеуіміздің нәтижесінде ең әдемі, ең өсем, ең қолайлы, қолдан жасалған жұмақ – саяжай Ержігіт Бозғұловтың болып шықты. Аспанға қол созған ағаштар, тілі үйіретін, экологиялық таза жеміс-жидектің бірнеше түрі, көздің жауын алатын гүлдер, ағын су, таза ауа, тамаша қазақтың қараша үйі адамға дем алу үшін осыдан басқа не керек? Яйырмай, адамның аялы алақанымен, еңбекпен, термен біздің жерімізді де осындай адам жанының рахатына, пейіліне айналыдыра болады екен ғой деген ой тудық. Ерекене өтініш айтып, ол кісі ойналбастан келісім беріп, бар жағдайды жасап, қонағымызды бірге күттісті. Нәтижесінде қонағымыз қызметімізге, құрметімізге дән риза болып, көңілденіп ауданда үй қабатты байланыс үйін беріп кетті. Көп ұзамай мен Шиелі аупарткомына бірінші хатшы болып сайландым. Көрген жерде ауыл бар деп, министрге тағы да барып, Шиеліге де үш қабатты байланыс үйін салдыдық.

Адам тағдыры деген қызық қой, «Ат баспаймын деген жерін үш рет басады, адам көрмеймін деген жерін бір рет көреді» дегендей, кейін небәрі төрт-ақ ай облыстық атқару комитетінің төрағасы болып істеген С.Байжановтың орнына мен Талдықорғанға төраға болып сайландым, ол СОКП Орталық комитетіне жауапты қызметке ауысты, көп ұзамай Жамбыл облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, Қазақстан Орталық партия комитетінің хатшысы қызметтерін атқарды. Сол Ерекеннің қара шаңырағынан, ақ дастарханынан бастау алған марқұм Сөкеймен таныстығымыз, сыйластыққа, сыйластығымыз әріптестікке, достыққа айналып кетті. Міне, жақсы адамдардың жақсылығы осындай жарасымды жалғасын тауып, өмірдің, өсіп-өркендеудің өнегіне айнала бермек.

Н.Ә.Назарбаев 2005 жылы президент сайлауы алдындағы саяси науқанын Астанада бабалар дәстүріне сәйкес, қырықтың бірі қылдыр дегендей, республиканың аузы дуалы, сөзі пәтуәлі қырық ақсақалынан бата алудан бастады. Қызылордадан біз Ерекен екеуіміз осы рәсімге қатыстық. Осы оқиғаны Бозғұловтар әулеті үлкен сенім, абырой, мәртебе, әулетінің мерекесі деп қабылдады.

Қабылдауға Ерекеннің шашын дағындаудың өзі бір ерекше жауапты науқанға айналды. Жарықтық Ерекеннің әрбір шашы тау шыңында тас-теңі жарып шыққан шынардай, дербес, тәуелсіз, көкке көл созып өзінің біртұтастығын, біртөгілілігін, бірсөзділігін, мақсаткерлігін, қажырын, қайратын, айбатын көрсетіп тұрғандай еді ғой. Сол шашты ретке келтіріп, бағындырудың, бағыттаудың қызы Жанатқа, күйеу баласы Әбілхалыққа, арнайы шапшараз – маманға бір күн, бір түн үлкен жауапты шарауа болғанының күесі болдым. Айтайын дегенім, Ерекене деген

● АУЫЛ-АЙМАҚ

КІТАПХАНА СУЫҚ, КЛУБ ТА ҚҰЛЫП

Жаңа жыл қарсаңында бірқатар елді мекенді аралап шықтық. Бірсыпыра ұжымдар қалыпты ырғағынан жаңылмапты. Ұйымдастыра білгендер мерекені атап өтіп те, еңбек заңдылығын сақтап та үлгеруде. «Бөрекелді» дестік.

Ойдым-ойдым мұз қатқан автокөлік жолы көңілге үрей туындатады. Баяу жүріспен Басықараға зорға жеттік. Олай болмағанда ше? Сәл қиыс басқан көктайрақтан төңкеріліп түсуін қиын емес. Тіпті кент көшелерінің де шекесі шылқып тұрғаны шамалы. Жүргізуші, жүргіншілермен пікірлессеніз, құлағыңыз сарсыды. Баршасы көлік қозғалысының қиындығын айтады. Олардың жанайқайын түсінуге тырыстық.

Басықарадағы ауыл клубына бас сұқтық. Есігі тарс жабық. Көңіліміз су сепкендей басылды. Қабырғалас бөлмедегі бу қазандығына кіріп мән-жайды сұрастырдық. Клуб меңгерушісі қалаға кетіпті, музыкалық сүйемелдеуші жұмысқа әлі келмепті. От жағушы жігіт клубтың салқын болатынын бүгіп қалмады. «Қыс жаңа басталды. Алда талай боран күтіп тұр. Сондағы жағдай қалай болар екенді» тұспалдап үлгердік. Клубқа таяу жерге ауыл балабақшасы орналасқан екен. Табалдырығынан аттағаннан жылы леп бетке ұрды. Бәрі ойдағыдай. Балғын бүлдіршіндер жеңіл киіммен шапқылап жүр. Меңгерушіден отын жеткілікті екенін білдік.

Күмжіекте ауылдық округ әкімдігі, кітапхана, клуб бір жерге шоғырланыпты. Мұнда да клуб қызметкерлерін, кітапханашыны жүздестірмедік. Еден сыпырушы қарындасымыз қанша от жағылғанымен қарапайым пешпен клубты жылыту онайға соқпайтынын, екінші қабаттағы

бос бөлмелердің жылулы зая жіберетінін жасырмады. Оған қоса, жоғарғы қабаттағы бірнеше терезенің өйнегін сынып қалған. Расында да, көрермендер залы азынап тұр. Сыңған терезе көздері жағымсыз әсер қалдырады. Әрі жылу жайына да кері әсер етері анық. Көңіліміздің түкпірінде «сыңған терезені бүтіндеу соншалықты қиын ба?» деген қынжылыс туындады. Салғырттық демесе ше шара жоқ. Зая кеткен еңбек, қыруар қаржыға келген отынға ішіміз удай ашыды. Ғимараттың арқа беткейі мүлде көріксіз. Үнірейген есіктердің орны, жемірілген қабырға жанынды құлазытады.


Ақтан батыр ауылдық округінің әкімі Серікбай Қанатовты кенседе жолықтырдық. Ауылда жұмыс қызып жатыр. Өткен түні аудандық мәслихат депутаты, «Сыр Маржаны» ЖШС директоры Мнажидин Өтеевтің демеушілігімен әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасылардың перзенттеріне сыйлық таратылыпты. Шара жалғасып жатыр. Әкімнің кабинетінде ардагерлер кеңесінің төрағасы, мектеп директоры өзге де ел ағалары бар екен. Аймақтық уәкіл, полиция аға лейтенанты Амангелді Ахметов те осында жүр. Оның айтуынша, ауылда ешқандай тәртіп бұзылмапты. Ауыл әкімімен бірге клубқа аялдалық. Мұнда да кара құлып тұр. Пошта байланысы бөлімі де жабық. Ауыл кітапханасынан да ешкімді кездестірмедік. Бәлкім мұның себебі де бар шығар. Алайда, бәрі өз қалпында болғанға не жетсін?

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

● ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

Қазақ баспасөзі тағы бір басылыммен толықты. Жаңа жылмен бірге өмірге келген «Нұр Жан» журналы ақпарат айдынында бұқараның «жоғын жоқтап, мұңын мұңдауды» өзіне биік басқат етіп қойыпты.

ҚАДАМЫҢ НҰРЛЫ БОЛСЫН, «НҰР ЖАН»



Қолымызға тиіп отырған алғашқы санынан оқырман қауым бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отырған «Зардабы зор зымырандар», «Ақшаға айырбасталған қайран денсаулық» мақалаларын оқи алады. Сонымен бірге, «Данышпан дәрігердің данғайыр жолы» танымдық мақаласы да оқыған жанның көңілінен шығары сөзсіз. Ендеше ақпарат айдынына қалам басып, алдына биік мақсат қойған «Нұр Жанға» біз де сөттілік тіледік!

Журналдың бас редакторы — жоғары санатты дәрігер, Қазақстан «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Ерен еңбегі үшін» белгісінің иегері, «Нұржан Ишан Ата» қайырымдылық қоры» Қоғамдық қорының президенті Амангелді Суханбердиев. Айына біррет шығатын журнал денсаулық, әл-ауқат, тарих, имани ілім, мәдениет және әдебиет тақырыптарын қамтиды. Басылымның талап-шыл оқырманды «танымдық дүниелерімен тәнті етіп, ой-өрісін жаңғыртып, жарқын өмірдің жанышарына айналсам» деген таудай талабы бар.

ТАҢДАУ ЖАСА
ӨЗ ҮЙҢДІ ЖАРҚЫРАТ!

«Astana Solar» ЖШС фотоэлектрлі модульдер зауыты 100 пайыз қазақстандық кремний негізінде жасалған күн батареяларын шығарады. Өндірілетін қуат кепілдігі - 25 жыл. Өнім IEC61215 / IEC61730-1 / IEC61730-2 халықаралық стандарттарының нормаларына сәйкес келеді.

«Astana Solar» келесі қызметтерді ұсынады:

- ❖ Өндіру және сату
- ❖ Жабдықты жобалау, құрастыру және орнату
- ❖ Түрлі қуаттағы күн электр станцияларын толығымен дайындау
- ❖ Жаңа өнімдерді жасап шығару
- ❖ Сервистік және кепілдік қызметтер
- ❖ Кеңестер

Шағын және орта бизнес өкілдерін қызметтес болуға шақырамыз

ASTANASOLAR

010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Тұран даңғылы
info@astanasolar.kz

tel.: +7 (7172) 55 14 51, 55 14 00
mob.: +7 (701) 765 58 36
факс: +7 (7172) 55 13 93

www.astanasolar.kz

Қызылорда қаласындағы «ПетроҚазақстан» компаниясының спорт көшенінде жыл сайын дәстүрге айналған балалардың жаңажылдық өртенгілігі болып өтеді. Былғы Жаңа жылды мұнайшылар қайырымдылық сипатындағы шарша мерекесін қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен және аймақтың үкіметтік емес ұйымдарымен ұсынылған тізімде тұрған, тұрмысы төмен отбасылардан шыққан 260 балақай үшін арнайы өткізді.

ІЗГІ ДӘСТҮР МЕН ІЗЕТ

Балаларға арналған жаңажылдық салтанаттың ашылу сәтінде жас бүлдіршіндерді шуақты мерекемен «ПҚКР» АҚ-ның басқарма төрағасы Фан Цзячжун, жұртшылықпен байланыс жөніндегі менеджері Хұсайын Сәрсембаев және компанияның кәсіподақ комитетінің басшысы Елеусін Дүйсенов құттықтады. Компания әлеуметтік әріптестік аясында халықтың әлеуметтік жағынан қорғалмаған жіктерін қолдауға, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт жүйесіне айрықша назар аударып отыр.

Тұрмысы төмен отбасылардан шыққан балалардан бөлек, мерекелік өртенгілікке сондай-ақ чернобыльдік апат оқиғасы, семейлік сынақ полигоны катысушыларының, Ауған соғысы ардагерлерінің және өзгелердің балалары да шақырылды. Мұнайшылар қауымының атынан осында келген барлық бүлдіршіндерге алуан түрлі төттілер, жұмсақ ойыншықтар және жылы свитерлер тарту етілді.

— Жаңажылдық мейрамға байланысты өткізілетін қайырымдылық шарасының аясында «ПетроҚазақстан» компаниясы балалар үшін



1600 сыйлық дайындалды, - деп ой бөлісті «ПҚКР» АҚ-ның жұртшылықпен байланыс жөніндегі менеджері Хұсайын Сәрсембаев. — Төттілер түріндегі сыйлықтар балалардың емдеу мекемелерінде — балалар ауруханасында және балалардың жұқпалы аурулар ауруханасында, балаларға арналған туберкулезге қарсы санаторийде ем алып, балалардың арнаулы интернатында, оның ішінде Талсуаттағы мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған интернатта оқып жатқан 187 бүлдіршінге табыс етілді.

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы бос мемлекеттік өкімшілік лауазымға орналасуға ашық конкурстар жариялайды:

Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының қаржы және бухгалтерлік есеп бөлімінің басшысы (Д-О-3).

Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалмақы 84 563 теңгеден 114 032 теңгеге дейін (экологиялық коэффициенті есепке алмағанда).

Қызметтік міндеттері: Бөлімді басқару. Басқарманың бюджет қаражатын басқару бағыты бойынша бағалауға мониторинг жүргізу. Басқарманың қаржы-шаруашылық қызметіне жауапты болу. Басқарма және басқармаға қарасты мемлекеттік мекемелерге мақсатты бағдарламалар мен жобаларға бөлінетін жергілікті бюджет қаражатын бөлу бойынша ұсыныстар енгізу, олардың мақсатты пайдалануын қадағалау. Жүргізілетін операциялардың заңдылығын және құжаттамалардың дұрыс әрі уақытылы ресімделуін, ашылған лимиттерге сәйкес қаражаттың орынды әрі тиімді жұмсалуды, қаржы қаражаты мен материалдық құндылықтардың сақталуын бақылау. Облыс бойынша спорт және дене шынықтыру салаларын әлеуметтік-экономикалық дамуға бағдарламалары мен жоспарларының орындалуы жайлы мәліметтерді жинақтауды атқару. Басқарманың стратегиялық жоспарын әзірлеу. Стратегиялық жоспардың бюджеттік бөлігінің орындалуына бақылау жасайды, бухгалтерлік құжаттардың сақталуын, ресімделуін және белгіленген тәртіпте мұрағатқа тапсырылуын қадағалау. Облыста ашылатын балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің жобалық-сметалық құжаттамасын дайындайды. Банктік, қасалық операцияларды ресімдеу, дебиторлар және кредиторлармен есептесу. Шаруашылық операциялардың дұрыс ұйымдастыруды іске асыру мақсатында басқарма басшылығын ақпаратпен қамтамасыз ету. Бухгалтерлік есептер мен баланстарды құрастыру және белгіленген мерзімге сәйкес органдарға тапсыруды бақылау, мекеменің қаржы-экономикалық қызметіне қатысты құқықтық актілерінің жобасын әзірлейді, қаржы-экономикалық қызметіне экономикалық талдау жүргізеді. Басқарма жұмысының сапасы мен өнімділігін арттыру мақсатында оның қызметінің бағыттары бойынша ішкі бақылауды жүзеге асырады. Облыстың коммуналдық мүлкін мақсатты және тиімді пайдалану жөніндегі комиссияның жұмысын ұйымдастырады.

2. Өз құзыреті шеңберінде басқарма қарамағындағы ұйымдардың және ведомстволардың қызметтерін үйлестіреді.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары экономикалық білім.

1) мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес;
2) мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес;
3) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі үш жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда бір жылдан кем емес;

4) жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орнындағы Шетелде қаулап даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтау;

5) ғылыми дәрежесінің болуы.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті

туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан — 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс «Бос өкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №66-7/32 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасына келесі құжаттарды тапсырады:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;
2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;
3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін тізімінде 2010 жылғы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тәсілденген өткені туралы қолданыстағы сертификат.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (қалр қызметі) куәландыра алады.

Өңімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды өңімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасында, индекс 120008, Қызылорда қаласы, Г.Мұратбаев көшесі №1 мекен-жайы бойынша өтеді.

Құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тәсілденген өткені туралы қолданыстағы сертификат.

Аталмыш лауазымдарға орналасқан адамдар үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының конкурстық комиссиясы.

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

Қызылорда облысының білім басқармасы (Қызылорда қаласы Өйтеке би көшесі №2 үй, эл. пошта bilimkz, Веб сайт www.bilim-orda.kz) бос мемлекеттік өкімшілік лауазымдарына орналасуға ашық конкурстар жариялайды:

Қызылорда облысы білім басқармасының Ұйымдастыру және өкімшілік бөлімінің бас маманы (санаты Д-О-4). Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалмақы 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейін (экологиялық коэффициенті есепке алмағанда).

Қызметтік міндеттері:

1. Өзіне жүктелген міндеттердің дер кезінде орындалуына жауапты болады;
2. Кадр жұмыстарымен айналысады, талдау жасайды, есеп тапсырады. Қызметкерлердің еңбек тәртібін сақтауын бақылайды және қызметкерлердің жеке іс құжаттарын жүргізеді;
3. Еңбек кітапшасын қабылдау, дайындау, сақтау және жұмыстан шығу кезінде уақытылы толтыру жұмыстарын жүргізеді;
4. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша басқармасымен байланыс жасайды;
5. Мемлекеттік қызметкерлердің аттестаттаудан өтуін ұйымдастырады, тиісті құжаттарын дайындайды;
6. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты есептілікті жүргізеді, тиісті орындарға есептерді;
7. Педагог қызметкерлерді марапаттау жұмыстарын ұйымдастырады;
8. «Дипломмен ауылға» бағдарламасының орындалуын жүзеге асырады;
9. Мұрағат жұмысын ұйымдастырады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Жоғары педагогикалық немесе заңгерлік білім.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі педагогикалық немесе заңгерлік білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс «Бос өкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №66-7/32 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар Қызылорда облысының білім басқармасына келесі құжаттарды тапсырады:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;
2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;
3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін тізімінде 2010 жылғы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тәсілденген өткені туралы қолданыстағы сертификат.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (қалр қызметі) куәландыра алады.

Өңімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды өңімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде Қызылорда облысының білім басқармасында, индекс 120000, Қызылорда қаласы, Өйтеке би көшесі №2 үй мекен-жайы бойынша өтеді.

Құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тәсілденген өткені туралы қолданыстағы сертификат.

Аталмыш лауазымдарға орналасқан адамдар үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

Қызылорда облысы білім басқармасының конкурстық комиссиясы.

Меншік иесі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҒҒАРБАЕВ

☎ қабылдау бөлмесі
телефакс 70-00-36

Сыр медиа

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматали ӘБДІРАМАН

☎ қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары	70-00-43
Жауапты қатысу	70-00-81

бөлімдер:	
рухани және ақпарат	70-00-64, 70-00-73
экономика	70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат	70-00-41
жарнама	70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап	70-00-39, 70-00-38
заңгер	70-00-42
компьютер орталығы	70-00-34
корректор бөлімі	

меншікті тілшілер:	
Арал, Қазалы:	Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиели, Жаңақорған:	Нұржан Еспай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz

Газет Қазақстан Республикасының Президенті және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Авторыра қаламы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделген және қайтарылмайды.

Жарияланатын газеттің тиімділігі негізіндегі білдіріледі. "Ақ" нәтиже қызымет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС-е баспаханасында басылады. Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Ерария-Пресс" - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Таралымы 24746

Тапсырыс № 17